ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ,
АҚСУ ҚАЛАСЫ БІЛІМ
БЕРУ БӨЛІМІНІҢ
«АҚСУ ҚАЛАСЫНЫҢ ЫБЫРАЙ
АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ
КІРІС № 349
2024ж. «30» 12

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылдың 3 қазан Іс № 5501-24-00-2/3009 Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты төрағалық етуші судья Е.Т. Магзумов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарап,

ТАЛАПКЕР:
Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ақсу қаласы білім беру бөлімінің «Ақсу қаласының Ыбырай Алтынсарин атындағы қазақ ортамектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Office Service» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану;
2. Тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы;

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Тараптардың қатысуынсыз

ҚАРАР БӨЛІГІ:

ҚР АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып сот,

ШЕШТІ:

Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ақсу қаласы білім беру бөлімінің «Ақсу қаласының Ыбырай Алтынсарин атындағы қазақ ортамектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Office Service» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою - қанағаттандырылсын.

«Office Service» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Мемлекет пайдасына «Office Service» жауапкершілігі шектеулі

серіктестігінен 222 (екі жүз жиырма екі) теңге көлемінде тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

«Office Service» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің пайдасына 1 853 (бір мың сегіз жүз елу үш) теңге көлеміндегі мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге түпкілікті формада шығарылған күнінен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар оларға шешімнің көшірмелерін жіберген күннен бастап бір ай ішінде Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Павлодар облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық наразылық білдіре алады.

Судья **Е. Магзумов**

Көшірме дұрыс
Судья Е. Магзумов

Анықтама: шешім 2024 жылдың «12» қараша күні заңды күшіне енді.
Судья Е. Магзумов

Құжатқа қол қойылған: Магзумов Е. Т., 03.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 12.11.2024, судья Магзумов Е. Т., 12.11.2024

5501-24-3-1/3268